

«Қос-қорған» жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігіндегі мұғалімдер туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы

№	Мектебі	Мұғалімнің аты-жөні	Қызметі	Туған жылы	Ұлты	Қай оқу орнын, қашан бітірді	Диплом бойынша мамандығы	Сағат жүктемесі	Қосымша қай пәннен сабақ береді	Әдістемелік бірлестік	Қай сыныптарға сабақ береді	Жалпы стажы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1	Қос-қорған	Абдукаримов Хасан Абдуваитович	Мұғалім	18.02.69ж	Өзбек	1994ж РОТӘПИ 2003ж ОҚАУ	Қазақ тілі мен әдебиеті	16	-	-	86-96-106-11а-11б	24
2	-/-	Жаппаров Шарипжан Рахимович	-/-	13.09.74ж	Өзбек	2008ж Көкшетау университеті	-/-	8	-	-	9а-10а	19
3	-/-	Нурметова Мавжуда Алимжановна	-/-	23.08.82ж	Өзбек	2005ж ҚРГУ	-/-	16	-	-	5а-5б-6б-7а	20
4	-/-	Нарметова Умида Торахановна	-/-	13.02.84ж	Өзбек	2007ж ҚӨИГУ	-/-	16	-	-	1б-3б-8а-8б-9б	20
5	-/-	Абдумуратова Умида Алимжановна	-/-	10.01.82ж	Өзбек	Шымкент университеті	-/-	16	-	-	2б-4б-5б-6а-6б	20
6	-/-	Егембердиева Малика Аминжановна	-/-	17.05.94	Өзбек	2015ж МКТУ	-/-	15	-	+	2б-3б-4б-6б-7б-11а	8

стажы	Санаты	Қайда, алды қашан білім жетілді	Қашан курстан өтуі қажет	Марапат ары	Аттестаци ядан өткен	Озық іс- тәжірибес зерттелген	Пән кабинет	Шығарма шылық тақырыбы	Мекен жайы	Үй тел:	12 жылдық бойынша	Интеракти в оқыту бойынша	Оқыту тілі
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	
Нед- модерат ор	Өрлеу 2021 жыл Қазақ тілі мен әдебиеті	2024 ж	ОБД, ҚББ грамоталары	2021ж	-	-	Мемлекеттік тілде сауатты жазу және сөйлеуге үйрету	Қос- қорға н ауыл ы	8-705- 856-82- 72	-	-	Қазақ тілі	
Нед- зерттеу ші	2019-21ж Түркістан	2024 ж	ОБД, ҚББ грамоталары	2021ж	-	-	Оқушылардың есте сақтау кабілеттерін дамыту	-/-	8-777- 887-67- 87	-	-	-/-	
Нед- сарапш ы	Өрлеу 2021 жыл Қазақ тілі мен әдебиеті	2024 ж	Алғыхаттар, грамоталар, ҚББ грамоталары	2022ж	-	-	Жаңашыл әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру	-/-	8-747- 483-98- 82	-	-	-/-	
Пед- модерат ор	Өрлеу 2022 жыл Қазақ тілі мен әдебиеті	2025ж	ҚББ грамоталары, Мектеп грамоталары	2019ж	-	-	Қазақ тілі сабағында оқушылардың көркем және мәнерлеп оқу сауаттылығын арттыру	-/-	8-771- 140-20- 11	-	-	-/-	

Пед-модератор	Өрлеу 2016жыл Қазак тілі мен әдебиеті	2023 ж	Мектеп грамоталары, алғыс хаттар, ҚББ грамоталары	2020ж	-	-	Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту	-/-	8-747-126-17-82	-	-	-/-
педагог-сарапшы	Өрлеу 2021жыл Қазак тілі мен әдебиеті	2024 ж	Мектеп грамоталары, ҚББ грамоталары, алғыс хаттар	2022ж	-	-	Жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру	-/-	8-771-898-98-98	-	-	-

Бірлестік жетекшісі :

М.Егембердиева

Бекітемін
Мектеп директоры:


..... М. Изатуллаева

**«Қос - Қорған» жалпы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні
бірлестігінің жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы**

К/с	Өтілетін іс-шаралар мазмұны	Уақыты	Жауапты
I	Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу бағдарламаларының орындалуы		
1	Ұйымдастыру жұмыстары	Тамыз, қыркүйек	М. Егембердиева
2	Бірлестік жұмыс жоспарын жоспарлау, бекіттіру	Тамыз	Бірлестік мүшелері
3	Жанартылған білім беру мазмұны бойынша ҰМЖ, КТЖ, ҚМЖ жоспарларын талдау	Тамыз	Пән мұғалімдері
4	Жанартылған білім беру мазмұны бойынша әр бөлімнің тапсырмалар жинағын дайындау	Тамыз	Бірлестік мүшелері
5	Бөлім және тоқсандық бағалау кестесін дайындау	Қыркүйек	Бірлестік мүшелері
6	Оқушылардың мектепшілік пән олимпиадасын өткізу	Қараша	Пән мұғалімдері
7	Оқушыларды қалалық пән олимпиадасына дайындау	Күнделікті	Пән мұғалімдері
8	Бақылау жұмыстарының кестесін жасау	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі
9	I жарты жылдық бақылау, БЖБ, ТЖБ жұмыстары, жазба жұмысы нормаларының орындалуын жүзеге асыру	Қаңтар	Бірлестік жетекшісі
10	ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындаудың іс-шараларын жоспарлау	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
11	Жылдық қорытынды бойынша оқушылар білімінің сапасын анықтау	Мамыр	Бірлестік жетекшісі
12	Бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары	Сәуір	Бірлестік мүшелері
II	Әдістемелік шаралар		
1	Әдістемелік бірлестік отырыстары	Әр тоқсанда	Бірлестік мүшелері

	өткізу		
3	Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу(сайыстар, жарыстар)	Күнделікті	Пән мұғалімдері
4	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу	Күнделікті	Пән мұғалімдері
5	Сабақ өтуде әдіс-тәсілдерден тиімді пайдалану(баяндама)	Мамыр	Ж.Бабажанова
6	Мектепішілік «Жыл мұғалімі» байқауына қатысу	Желтоқсан	Бірлестік мүшелері
7	Мұғалімдер олимпиадасы	Қараша	Бірлестік жет., оқу ісі жөн. дир. орын.
8	Жаңашыл әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып , тәрбие сағаттарын өткізу	Жыл бойы	Бірлестік жетекшісі Пән мұғалімдері
9	Сабакты түрлендіріп жаңа технология әдістерін пайдалану жолдары(пәндік әдістемелік отырыс)	Қараша	Бірлестік жетекшісі
10	Оқушылардың білім сапасын көтерудегі деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі (Баяндама)	Наурыз	М. Нурметова
III	Сыныптан және мектептен тыс оқыту жұмыстары		
1	Қазақстан Халықтарының тілдер меркесіне орай апталық өткізу	05-21.09	Пән мұғалімдері
2	«Абай даналығы» жобасы бойынша іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	М. Егембердиева Бірлестік мүшелері
3	«Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша жасалған іс-шара ұйымдастыру	Жыл бойы	Тәлімгер Пән мұғалімдері
4	Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің туған күнін атап өту	Жыл бойы	Бірлестік мүшелері
5	Оқушылар арасында «Көркем жазу» байқауын өткізу	Сәуір	Бірлестік мүшелері
IV	Мұғалімдердің білімін көтеру шаралары		
1	Өзара сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға ену	Үнемі	Пән мұғалімдері
2	Біліктілікті арттыру курстарына қатысу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
3	Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу	Жоспар бойынша	Пән мұғалімдері
4	Қалалық, мектепішілік семинарларға қатысу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
V	Мектеп құжаттамасымен жұмыс		
1	Оқушылардың БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының	Ай сайын	Бірлестік мүшелері

2	Электронды сынып журналдарының дұрыс толтырылуын қадағалау	Ай сайын	Бірлестік жетекшісі
VI	Оқу кабинеттерінің материалдық базасын нығайту		
1	Пән кабинетін жаңа стенділермен жабдықтау	Ақпан	Кабинет меңгерушілері
2	Пән кабинеттері байқауына қатысу	Қаңтар	Кабинет меңгерушілері
3	Кабинетті безендіру жұмыстары	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі  М. Егембердиева

2	Электронды сынып журналдарының дұрыс толтырылуын қадағалау	Ай сайын	Бірлестік жетекшісі
VI	Оқу кабинеттерінің материалдық базасын нығайту		
1	Пән кабинетін жаңа стенділермен жабдықтау	Ақпан	Кабинет меңгерушілері
2	Пән кабинеттері байқауына қатысу	Қаңтар	Кабинет меңгерушілері
3	Кабинетті безендіру жұмыстары	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі  М. Егембердиева

I. Бірлестіктің отырыстары

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты мұғалімдер	Нәтижесі
1	<p>Әдістемелік бірлестіктің № 1 отырысы Тақырыбы: «Жаңартылған білім беру мазмұнын талдау» 1. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарын бекіту. 2. Стандарттық өзгерістерге жаңартылған білім беру мазмұнына сай күнтізбелік жоспарларын әзірлеу, бекіту. 3. Мұғалімдердің сағат жүктемелері мен сапалық құрамы, аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау 4. Дарынды, үлгерімі төмен, олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтап, жоспар құру.</p>	Тамыз-қыркүйек	Бірлестік жетекшісі және пән мұғалімдері.	<p>Хаттама № 1</p> <p>Пед кеңес №1</p> <p>Бірлестіктің папкаларын дайындау</p>
2	<p>Әдістемелік бірлестіктің № 2 отырысы Тақырыбы: «Құндылыққа бағытталған-XXI ғасыр мектеп» вебинар.Олимпиада тапсырмаларын әзірлеу,күнтізбелік, факультатив, үйірме жоспарларын талқылау. 1.Өткен бірлестік отырысының қаулысының орындалуын қарастыру 2. I-тоқсан қорытындысы 3. Аудандық олимпиада мен ғылыми жобалар сайысына оқушылардың дайындығын күшейту. 4. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттерін жабдықтау</p>	Қыркүйек,қазан-қараша	Бірлестік жетекшісі және пән мұғалімдері	<p>Хаттама № 2</p> <p>Пед кеңес №2</p> <p>I-тоқсан есебі</p> <p>Олимпиада тапсырмалары</p>
3	<p>Әдістемелік бірлестіктің № 3 отырысы Тақырыбы: «Жаңартылған білім берудегі әдіс-тәсілдердің , білім сапасын жетілдірудегі тиімділігі» 1.Өткен бірлестік отырысының қаулысының орындалуын қарастыру 2. II-тоқсан қорытындысы</p>	Желтоқсан-қаңтар	Бірлестік жетекшісі Пән мұғалімдері	<p>Хаттама № 3</p> <p>Пед кеңес №3</p> <p>II-тоқсан есебі</p> <p>Олимпиада қорытындысы</p>

	3. Қалалық олимпиада мен ғылыми жобалар сайысының қорытындысы			
4	<p>1.Өткен бірлестік отырысының қаулысының орындалуын қарастыру</p> <p>2. III-тоқсан қорытындысы</p> <p>3.Баяндама: «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдары»</p> <p>3.Пән кабинеттерін безендіру және сабақ жоспарларын әдістемелік дидактикалық материалдармен жабдықталуы</p>	Ақпан-наурыз	Бірлестік жетекшісі.	<p>Хаттама № 4</p> <p>Пед кеңес №4</p> <p>III-тоқсан есебі Қоғамдық пәндер апталығының қорытындысы</p>
5	<p>Әдістемелік бірлестіктің № 5 отырысы</p> <p>Тақырыбы: «Әдістемелік бірлестіктің жыл бойы істеген жұмысының қорытындысы және жаңа оқу жылына бағытталған іс-шаралар жоспары»</p> <p>1.Өткен бірлестік отырысының қаулысының орындалуын қарастыру</p> <p>2. IV-тоқсанның қорытындысы</p> <p>3.Авторлық және элективті курстардың бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізу, жетілдіру.</p> <p>4. Пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар сайысына қатысатын оқушыларды анақтап, іріктеу</p> <p>5. Емтихан материалдарының мазмұнын талдау және бекіту</p> <p>6. Пән кабинеттерінің келесі оқу жылына дайындығын қамтамасыз ету</p> <p>7. Жылдық есептерді талдау және әкімшілікке тапсыру</p>	Мамыр- маусым	Пән мұғалімдері	<p>Хаттама № 5</p> <p>Пед кеңес №5</p> <p>IV-тоқсан есебі Емтихан материалдарын дайындау және сараптамалық анықтамалар толтыру</p>

«Қос - Қорған» жалпы орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

Хаттама №1

Күні: 27.08.2022ж

Қатысқандар: М. Егембердиева – ӘБ жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Күн тәртібінде:

1. Өткен 2021-2022 оқу жылына қорытынды есеп.
2. Жаңа 2022-2023 оқу жылына әдістеме бірлестігі міндеттерін айқындап, жоспарын бекіту.
3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды, күнтізбелік жоспарын түзіп, бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.
4. Біліктілік арттыру курстарынан өту кестесін және шығармашылық тақырыптарын анықтау
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі М. Егембердиева сөз алып, 2021-2022 оқу жылына есеп берді.

Жыл бойында оқушыларды олимпиадаға дайындық қатал қолға алынып, жұмыстар жүргізілді. Бірлестік мұғалімдер әрдайым өзара сабаққа ене отырып, тәжірибе алмасып отырды.

Екінші мәселе бойынша ӘБ жетекшісі У. Нарметованың орнына бірлестік мұғалімдерінің ортақ шешімімен М. Егембердиева бірлестік жетекшісі болып тағайындалды. Бірлестік жетекшісінің міндеттері айтылып өтілді. Жоспарлары талқыланып, бекітілді. Қол қойылды.

Үшінші мәселе бойынша пән бойынша жүктемелік сағаттар бөлінді.

Төртінші мәселе бойынша ӘБ жетекшісі сөз алып, біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдерді анықтау бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жіберілетіндігі туралы айтылды. Курсқа бару кестесі қойылды.

Бесінші мәселе бойынша әр түрлі мәселелер талқыланды. Мұғалімнің сабақ кестесі және де оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау. Нөлдік бақылау жұмыстары талқыланып, дайындалды.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылына берілген есеп өз дәрежесінде өтілді деп есептелінсін.
2. Жаңа 2022-2023 оқу жылының әдістеме бірлестік жоспары бекітілсін.
3. Мұғалімдердің жүктемелі сағаттары бөлініп, күнтізбелік жоспарлары бекітілсін.
4. Біліктілік арттыру курстарынан өту кестесі бойынша мұғалімдер курстан өтсін.
5. Пән мұғалімдері оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындауда жұмыс жүргізіп, нөлдік бақылау жұмысы жасалынып, бекітілсін.

Бірлестік жетекшісі:  М. Егембердиева

Хатшы: У. Нарметова 

«Қос - Қорған» жалпы орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

Хаттама №2

Қатысқандар:

Мерзімі: 04.11.2022 жыл

«Қос - Қорған» жалпы орта мектебі мұғалімдері - 6 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы
2. Пәндер бойынша оқушыларды оқулықтармен, көрнекіліктермен, керекті инвентарлармен қамтамасыз етуді қарастыру.
3. Мектепішілік олимпиада нәтижелерін талдау.
4. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау тәсілдерін талқылау.
5. Әр түрлі мәселелер.

Қаралды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі М. Егембердиева сөзге шығып, I тоқсан нәтижелеріне талдау жасады. Өз сөзінде I тоқсан барысында мектеп бойынша оқушылардың үлгерімі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3,7 ұпай, білім сапасы 54 пайыз, Қазақ тілі пәнінен 3,5 ұпай, білім сапасы 54 пайыз, Қазақ әдебиеті пәнінен 4 ұпай, білім сапасы 67 пайыз болғанын айтып жеткізді және I тоқсан үшін бұл көрсеткіштер қанағаттанарлы екенін айтып өтті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөзге қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі У. Нарметова шығып, 5 – 9 сынып оқушылары керекті оқулықпен толық, яғни 95-100 пайызға қамтылғанын айтты, ал 9 – 11 сынып оқушыларында оқулықтар толық берілгенін мәлімдеді.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзге М. Егембердиева шығып, мектепішілік оқушылардың пән олимпиадасының қорытындысы бойынша мектептің 9 «А» - сынып оқушысы Асанова Камола, 10 «А» - сынып оқушысы Зупарова Ләйлә олимпиада жеңімпаздары атанғанын және аудандық олимпиадаға жолдама алғанын жеткізді.

4. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М. Нурметова сөзге шығып, жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау тәсілдері туралы қысқаша баяндама жасады.
5. Бесінші мәселе бойынша сөзге М. Егембердиева шығып, 2022 – 2023 оқу жылының мектепшілік жоспарына мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің онкүндігі өтетінін мәлімдеді. Бірлестік мұғалімдеріне осы шараға жоғары дәрежеде дайындық жүргізу қажет екенін айтып жеткізді.

Шешім:

1. 1 тоқсан қорытындылары бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Мектеп оқушыларының әдеби кітаптарды оқу, пән кітаптарымен толық қамтылуы бойынша жұмыстар жүргізілсін. Мектеп кітапханашысымен байланыс орнатылсын. Осы бағыт бойынша жұмыстар бірлестік мұғалімі У. Нарметоваға жүктетілсін.
3. Мектеп оқушыларының қалалық олимпиадаға қатысуын қадағалау бірлестік жетекшісі М. Егембердиеваға жүктетілсін. Оқушыларды олимпиадаға дайындау пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
4. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау жұмыстарының дұрыс жүргізілуін қадағалау қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М. Нурметоваға жүктетілсін.
5. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің онкүндігін өткізу жоспарын жасау бірлестік жетекшісі М. Егембердиеваға жүктетілсін.

Бірлестік жетекшісі:  М. Егембердиева

Хатшы :  У. Нарметова

«Қос – Қорған» жалпы орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

ХАТТАМА №3

Күні: 06. 01.2023жыл

Қатысқандар: М. Егембердиева М – ӘБ жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. Токсандық БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша сапалы оқыту нәтижесін талдау.
3. «Оқытудағы қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жоспарлау»
4. Әр түрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алды М. Егембердиева өз сөзінде I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгеріміне тоқталып өтті. Күнтізбелік жоспарлар, элективті курс жоспарлары, оққылықты жою жоспары дер кезінде бекітіліп, талапқа сай жұмыс орындалды.
2. БЖБ, ТЖБ алу кестесі құрастырылып, пән мұғалімдері бөлім және токсандық жиынтық бақылауларды спецификацияға сай құрастырып, оқушы білімін бағалады. ТЖБ дан сон модерация жүргіліп, бағаның дұрыс қойылғандығы сараптама жасалынды.
3. Директордың оқу ісіндегі орынбасары С.Ахмедова апай «Оқытудағы қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жоспарлау» туралы айтып өтті. Бағалау білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі болып табылады, бағдарлама мақсаттары мен күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты болып келеді. Ол мақсаттардың айқындығын қамтамасыз ете отыра, бағалау түрлерінің (қалыптастырушы және жиынтық) және бағалау рәсімінің оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтайды. Бағалау қолжетімді, анық және ашық түрде болуы керектігі туралы айтты. Ол қажетті ақпаратты уақытында беріп отыруға мүмкіндік тудырады, оқушылардың өзін-өзі реттеу тәртібін дамытып, үдеріске қатысушылардың жауапкершілігін арттыруда маңызы зор екендігін айтты.
4. Қабілеті жоғары және төмен оқушылардың жоспары жасалынып, резерв оқушылар тізімі алынып, пәндік олимпиадаға дайындық жасау керектігі ескертілді.

Қаулы:

1. 2022-2023 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. БЖБ, ТЖБ жұмыстары сапалы жасалынып, дер кезінде орындалатылсын
3. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.
4. Әр сабақта оқушыларға тиімді қалыптастырушы бағалау тапсырмалары берілсін

Бірлестік жетекшісі:  М. Егембердиева
Хатшы:  У. Нарметова

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

ХАТТАМА №4

Күні: 24. 03.2023жыл

Қатыскандар: М. Егембердиева М – ӘБ жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Күн тәртібінде:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша есеп беру.
2. Аудандық олимпиада нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі мерекелерге бірлестік мұғалімдерінің ат салысуы
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөзге шығып, III тоқсан нәтижелеріне талдау жасады. Өз сөзінде III тоқсан қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгерімі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3,8 ұпай, білім сапасы 60 пайыз болғанын, қазақ тілі пәнінен 3,9 ұпай, білім сапасы 63,2 пайыз, қазақ әдебиеті пәнінен 3,9 ұпай, білім сапасы 64 пайыз болғанын айтып жеткізді, және III тоқсан нәтижелеріне қанағаттанарлық деп баға берді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі М. Егембердиева сөзге шығып, ақпан айында Республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қазақ тілі мен әдебиетінен 4 оқушы қатысып, өкінішке орай жүлделі орынға иіліге алмай қалғандығын жеткізді. Ендігі кезекте оқушыларды олимпиадаға дайындауды жедел қолға алып, жұмыс жүргізу керектігін мәлімдеді. Олимпиада нәтижелеріне төмен баға берілді.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі М. Егембердиева сөзге шығып, өз сөзінде сәуір айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндік іс – шарасы бар екенін, және де мамыр айында айтулы мерекелер бар екендігін мәлімдеді. Осы онкүндікке, мерекелік іс – шараларға тиянақты түрде дайындық жүргізу керектігін мәлімдеді.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың бейіндік істер жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ш. Жаппаров сөзге шығып, сабақ барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сапалы жұмыс жүргізу керектігін мәлімдеді.

Қаулы:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша жасалған талдау қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Олимпиадаға тиянақты дайындық жүргізілсін.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндік іс – шарасы өз деңгейінде атап өткізілсін.
4. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.

Бірлестік жетекшісі:

М. Егембердиева

Хатшы:

У. Нарметова